

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшерін анықтау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 701 қаулысы.

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңының 7-бабының 10-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшерін анықтау ережесі бекітілсін.

2. Басшыларына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік етуге өкілеттік берілген мемлекеттік органдар 2005 жылға дейінгі мерзімде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшерін анықтау әдістемесін әзірлесін және белгіленген тәртіппен бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 шілдедегі
N 701 қаулысымен
бекітілген

**Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді
жария ету немесе жоғалту салдарынан
Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне
немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың
мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін**

**зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне
оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін
зиянның мөлшерін анықтау
ережесі**

1. Осы Ереже "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшерін анықтау (бұдан әрі - зиянның мөлшерін анықтау) тәртібін белгілейді.

3. Зиянның мөлшерін анықтауды мемлекеттік органның немесе ұйымның мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы (бұдан әрі - ТЖК) басшысына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік ету өкілеттіктері берілген мемлекеттік орган әзірлейтін зиянның мөлшерін анықтау әдістемесі бойынша жүргізеді. Зиянның мөлшерін анықтау әдістемелерін олардың қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып мемлекеттік органдар әзірлейді.

Ұйымда ТЖК болмаған жағдайда зиянның мөлшерін анықтауды мәліметтер жоғалған немесе жария етілген ұйым басшысының бұйрығымен құрылатын сараптау комиссиясы (бұдан әрі - сараптау комиссиясы) жүргізеді.

4. Сараптау комиссиясы оның құрамына мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшенің қызметкерін енгізіп, ұйымның құзыретті мамандарының қатарынан құрылады.

ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының отырыстарына басшысына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік ету жөніндегі өкілеттік берілген мемлекеттік органның өкілі келісім бойынша тартылуы мүмкін.

Қажет болған ретте ТЖК немесе зиянның мөлшерін анықтау жөніндегі сараптау комиссиясының жұмысына осы мемлекеттік орган немесе ұйым қызметінің бағыттары бойынша арнайы танымдары бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ құпия жұмыстардың тапсырысшылары тартылуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТЖК немесе сараптау комиссиясы мүшелерінің, соның ішінде отырыстарға тартылатын мамандардың мемлекеттік құпияларға тиісті нысандағы рұқсаты болуға тиіс.

6. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан зиян келтірілген немесе келтірілуі мүмкін Қазақстан Республикасының

ұлттық мүдделері, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделері Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" , " Мемлекеттік құпиялар туралы " Заңдарына сәйкес анықталады.

7. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту фактісі бойынша не басқа мемлекеттік органдардан немесе ұйымдардан осындай хабарлама келіп түскен ретте мемлекеттік органның немесе мәліметтердің жария етілу немесе жоғалу фактісі анықталған ұйымның басшысы мәліметтерді жоғалтудан немесе жария етуден болған зиянның мөлшерін анықтауды ТЖК-ға немесе сараптау комиссиясына тапсырады.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту фактісі заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізілген қызмет бабындағы тексеру материалдарымен расталуға тиіс.

8. Құндық тұрғыдан зиянның мөлшерін анықтау кезінде мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

- 1) өндірілмей қалған өнімнің құны;
- 2) тікелей материалдық зиян;
- 3) келтірілген зиянның салдарларын жоюға кеткен шығындар;
- 4) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) құны;
- 5) ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізбеудің кері әсері;
- 6) өндірістік технологиялар құны және оларды ел экономикасының салаларында қолданған жағдайдағы экономикалық нәтиже;
- 7) сыртқы рынокта Қазақстан Республикасының бұйымдарын сатқандағы ықтимал құндар мен көлемдер;
- 8) Қазақстан Республикасының орындалмаған мемлекеттік міндеттерін өтеу үшін тауарлар, өнім мен шикізат бағаларының көтерілуімен және (немесе) сатып алу көлемдерінің артуымен байланысты қосымша шығындар;
- 9) оларды шетелден сатып алу мүмкін болмаған жағдайда тауарларды, өнімді және өндірістік жабдықтарды өндіруді ұйымдастыруға кететін шығындар;
- 10) шет мемлекеттермен ғылыми-техникалық ынтымақтастық тоқтатылған жағдайда ҒЗТКЖ-ға кететін шығындар;
- 11) ықтимал зиянды сипаттайтын өзге де көрсеткіштер;
- 12) арнайы танымдары бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін тарту кезінде зиянның мөлшерін анықтаумен байланысты шығындардың құны.

9. Зиянның мөлшерін анықтау әдістемесі болмаған жағдайда немесе зиянның нақты мөлшерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда зиянның мөлшері мына көрсеткіштерді ескере отырып айқындалады:

1) "Аса маңызды" деген құпиялылық белгісі бар мәліметтерді жоғалтқан немесе жария еткен жағдайда - 20000 айлық есептік көрсеткіштен жоғары;

2) "Өте құпия" деген құпиялылық белгісі бар мәліметтерді жоғалтқан немесе жария еткен жағдайда - 1000-нан 20000-ға дейін айлық есептік көрсеткіш;

3) "Құпия" деген құпиялылық белгісі бар мәліметтерді жоғалтқан немесе жария еткен жағдайда - 100-ден 1000-ға дейін айлық есептік көрсеткіш.

10. ТЖК-ның немесе зиянның мөлшерін анықтау жөніндегі сараптау комиссиясының отырыстары хаттамамен ресімделеді, оған ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды.

11. ТЖК-ның немесе зиянның мөлшерін анықтау жөніндегі сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері қорытындымен ресімделеді, онда мыналар көрсетіледі:

қорытындының шығарылған жері және уақыты;

комиссия құрамы;

зиянның мөлшерін анықтауға негіз;

жоғалған немесе жария етілген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің мазмұны және құпиялылық дәрежесі;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жоғалу немесе жария етілу жағдайлары;

зиянның мөлшерін анықтау кезінде ескерілген көрсеткіштер (оның ішінде құндық тұрғыдан да);

келтірілген (келтірілуі мүмкін) зиянның түпкі мөлшері;

зиянның мөлшерін анықтауға қатысы бар өзге де мәселелер.

Қорытындыға ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік ету жөніндегі өкілеттіктер берілген мемлекеттік органдармен келіскеннен кейін комиссияны құрған мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы бекітеді.

12. Зиянның мөлшері туралы ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының қорытындысын қызметтік тексеру материалдарының көшірмелерін қоса беріп, тиісті шешім қабылдау үшін ұйымның басшысы ұлттық қауіпсіздік органдарына және мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Қорытындының бір данасы, сондай-ақ қызметтік тексеру материалдары ұйымның мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшесінде сақталады.

13. Құпияландыру нәтижесінде мәліметтер көздері иелеріне келтірілетін зиянның мөлшері 7, 12-тармақтардың ережелерін қоспағанда, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның мөлшерін анықтауға арналған осы Ережеде белгіленген тәртіппен анықталады.

14. Бұдан басқа, мәліметтер көздерінің иесі оған мәліметтерді құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшерін анықтау туралы мәселені қараған кезде ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының отырыстарына қатысуға құқылы.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер көздерінің иесі ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының қарауына зиян мөлшеріне жасалған өзінің не тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып алынған есептеулерді беруге құқылы.

Мәліметтер көздерінің иесі мәселелерді қарау материалдарымен және ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының қорытындысымен қол қоюы арқылы таныстырылуы тиіс.